– Еще один очень важный момент. В здании вокзала, на перроне, при посадке, высадке, в поезде, пассажиры обязаны соблюдать социальную дистанцию не менее метра. В пути следования не разрешается движение пассажиров между вагонами, а также скопление у туалета, – отмечает Толеген Саматов.

Малик АСЛАНОВ, Костанай

ГОТОВИМСЯ К ЗИМЕ

Штаб для мониторинга подготовки к работе в зимний период 2020-2021 годов создали в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо. Также на предприятии уже составили соответствующий план мероприятий.

Так, согласно плану, необходимо до 1 октября 2020 года подготовить более двух сотен работников, связанных с движением поездов, по вопросам технического обслуживания вагонов. К этому же сроку завершат обучение 10 первозимников. Вновь пришедших работников в первую очередь обеспечат костюмами «Гудок», валенками, а всем деповчанам выдадут меховые рукавицы.

– В октябре будем набирать также сезонных работников – машинистов котельных установок, – рассказала инженер-технолог первой категории Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Эльмира Капарова. – В срок до первого октября пройдет проверка знаний осмотрщиков вагонов и слесарей по ремонту подвижного состава. Осенью запланировано проведение совместных совещаний представителей вагонного и локомотивного хозяйства о работе автотормозов в зимнее время. В плане мероприятий по подготовке к зиме есть и такой важный пункт, как создание зимнего технологического запаса частей и деталей.

Запланировано создать запасы 1000 композиционных тормозных колодок, по 50 соединительных рукавов и концевых кранов, ручек концевых кранов, валиков подвесок башмаков, шплинтов, а также по 10 авторегуляторов, авторежимов, по 15 балочек центрирующих, подвесок маятниковых.

Текущий ремонт производственных служебно-технических бытовых зданий и помещений будет закончен к 1 октября. В плане – капитальный ремонт трех зданий и сооружений. До 1 октября к работе зимой деповчане подготовят две котельные, 150 метров теплотрасс, транспортные средства, проведут ремонт и утепление 50 метров водопроводных сетей, создадут запасы угля для производственных нужд.

В частности, как отмечается в приказе начальника Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Ерата Хасенова, созданному штабу необходимо установить контроль за ходом и координацией выполнения работ, которые проводят линейные ПТО и КПТО по подготовке к зиме в порядке установленного стандарта.

Ольга СТЕБЛЯНКО, Оскемен-1

МЕРЕЙТОЙ

Сыр бойы теміржолшыларының мақтанышы мен абырой беделіне айналған тұлға – Оразбай Әбішев 10 маусымда торқалы тоқсан жасқа толып отыр. Қазақстан темір жолында бүгінгі таңда көзі тірі, кеңестік кезеңде Батыр атанған ең соңғы Еңбек Ерінің өмір жолы ғажайыптарға толы...

ЕҢБЕК ЕРІ – 90 ЖАСТА

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Тегін адам батыр атана ма?! Біздің бүгінгі кейіпкеріміздің де ақиқат пен аңызға толы өткен өмірі жайлы, қол жеткізген жетістіктері туралы бұған дейін де талай айтылды, жазылды, жазыла да бермек. Қызылорда локомотив депосының музейінде Еңбек Еріне арналған арнайы бұрыш та ардагердің өшпес еңбек жолынан сыр шертеді. Сұрапыл соғыс жылдары бұғанасы қатпаған жасөспірім шағында еңбекке араласып, теміржолдың ұстаханасында тәулігіне 14-15 сағат жұмыс істеген, тағдыр талайына тау көтерген толағайдай ауырталық жазған буынның өкілі.

Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы Комсомол кеңшарында қарапайым шаруа адамдары Әбіш пен Құлжаннның отбасында 1930 жылы өмірге келген Оразбай Әбішев жанұядағы балалардың үлкені болғандықтан еңбекке бала күнінен араласып, 12-13 жасында кәдімгідей үлкендермен бірдей жұмыс істеген екен. Қызылордадағы теміржол училищесін оқып бітіріп, Қызылорда (паровоз) локомотив депосының электромашинна цехында паровоздарды жөндеуші слесарь болып жұмысқа орналасқан күннен бастап өзін кәсіпкеріміз деп сезінген. Тәулік бойы от ұшындап, баққан ыстық темірдің иісі қолқаны қапқан депонның шеберханасынан тәулік бойы шықпауға бар еді.

Міне, сол бір жерде, яғни Қызылорда локомотив депосында туп-тура жарты ғасыр тап-

жылмай еңбек еткен ардагер бір басына жетерлік құрмет пен абыройды да иемденді. Сонау соғыстан кейінгі 1947 жылы «За доблестный труд в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг.» марапатын кеудесіне таққан кезде жасы жетпей соғысқа бара алмай, фашизмге деген ыза-кегі ішінде қайнаған жас жігіт өзінің де жеңіске үлес қосқанын сезінгендей қанағаттанған.

Содан кейінгі жылдары да еңбек адамына көрсетілетін құрметтен кенде болмай, мемлекеттік марапаттардың талайын иемденді, ақшалай-зағтай сыйлық та алып жатты. «Құрметті теміржолшы» атауды. 1981 жылдың 2 сәуірі күні СССР Жоғары кеңесі Президиумының Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, «Алтын жұлдыз» бен «Ленин» орденін төсіне тақты.

Бір депода бүкіл еңбек жолын өткізіп, сол Қызылорда локомотив пайдалану депосынан зейнетке шыққан, қаншама ізбасар, шәкірттер тәрбиелеп өсіріп, өзіндік мектебін қалыптастыра білген ардагердің сан түрлі өнертапқыштық ұсыныстар енгізіп, деподағы өндірістік жөндеу жұмысын жеңілдетуге орасан зор үлес қосқан еңбегі жоғары бағаланады.

Мәселен, сол жылдары доңғалақты-моторлы блоктың (КМБ-колосно-моторный блок) 900 данасын бір жыл ішінде Оразбай Әбішевтің бригадасы жөндеп шығып, ауыстыруы – еліміздегі деполар арасында рекорд саналған екен. Еңбек



еткен жылдары өндіріске 50-ден аса рационализаторлық ұсыныс енгізіп, жемісті нәтижеге қол жеткізген майталман теміржолшының еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, марапатталғаны өз алдына, басқа деполарға да тәжірибе ретінде таратылып отырған.

Қызылорда қаласының құрметті азаматы, Социалистік Еңбек Ері, Құрметті теміржолшы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Консультативтік кеңес мүшесі Оразбай Әбішев – «ат үркітетін» атақ-абыройы бар болса да, марапатқа марқайып, асып-тасуды білмейтін өте қарапайым жан. Бұл оның қанша жерден атақты, батыр болса да адами болмысын бәрінен жоғары қоя білген ұлылығы болса керек. Қызылорда локомотив депосы еліміздегі депо машинистері арасында Еңбек Ері Оразбай Әбішев атындағы конкурс өткізуді дәстүрге айналдырған. Жыл аралап өтетін байқаудың құрметті қонағы болып қатысатын «көзі тірі» кейіпкер мұндайда жас әріптестерімен емен-жарқын сұхбат құрып, оларды тыңдап, өзі өңгіме айтып бір жасап қалады.

Міне, бүгінде туып-өскен ел-жұртының ортасында торқалы тоқсан жасын қарсы алып отырған ақсақал, құдайға шүкір, әлі тын, қуатты. Ардагерге жүз жасаның деген тілек білдіріп, бейбіт күнде қайталанбас ерліктің үлгісін көрсеткен қарапайым еңбек адамының ерлігі ұрпаққа мәңгі үлгі болғай демекпіз.

Суретті түсірген автор

ХОББИ

ЖІГІТКЕ ЖЕТІ ӨНЕР ДЕ АЗ

Қандайда бір ұлт немесе ұлыс болсын бауырына басып, төріне шығарып, өзіне жақын тартқан, көңілі дархан халқымыздың қадір-қасиетін ардақ тұтып, қыз алысып, қыз берісіп, құда-жекжат, дос болып, етене араласып кеткен өзге ұлт өкілдері елімізде жетерлік. Мәселен, тараздық теміржолшы Мұстафа Машраповтың ұлты қазақ болғанымен, анасы Анна Андреевна неміс қызы, әкесі Әмірбектің шешесі Урзапия – татар қызы екен. Ал өзінің жұбайы Сағынбүбі қырғыз қызы...



Асқар РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Мұстафа Машрапов теміржолдағы еңбек жолын өткен ғасырдың 89-шы жылы бастапты. «Әскерден жаңа оралған кезім, жасым жиырма бірде, көрші Түлкібас ауданында Састебе станциясында жұмыс істеп бастадым» деген Мұстафа аға онда жеті ай ғана еңбек етіп, жазу-сызудан хабары бар ҚазМУ-дің қазақ тілі мен әдебиеті факультетінің сырттай бөліміне құжат тапсырып, оқуға түсіп кетті. Содан соң Алматы қаласына қоныс аударып, тұратын жатақхана керек болғандықтан, студенттердің құрылыс жасағына кіреді. «ҚазМУ қалашығында «Алатау» деген жатақхана болатын. Сол жерден орын алу үшін сонда жұмысқа кірдім. Онда бір жарым жыл жұмыс істеп, 1983 жылдың жазында теміржолға қайта барып, вагон қараушы болып жұмысқа орналастым» дейді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, 1994 жылы қолына филолог деген табақтай диплом алып туған жерге оралған жас жігіт ендігі өмірін өз мамандығымен байланыстыруды ойлап, мектепке қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып жұмысқа тұрады. Тараз қаласындағы №49 мектепке қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып орналасып, тәп-тәуір ұстаз болып, орта сыныптарға сабақ беріп жүрген. Үнемізгі мамандығы да сол емес пе? Алайда, сол жылдары орын алған экономикалық күрделі ахуалға байланысты мұғалімдердің жалақысы айлап, жылдап берілім кеткен соң бұл кезде үйленіп, бала-шағасының басы құралып қалған жас отбасыға қиын тиеді. «Бала-шағаны асырау керек, қарыз көбейіп кетті. Сондықтан «көрген

жерде ауыл бар» деп қайтадан өзін білетін теміржолға ат басын бұрдым да біржолата тұрақтап қалдым» дейді Мұстафа Машрапов сол бір қиын кезді еске алып.

Теміржолда тапжылмай ұзақ жыл еңбек етіп, тек соңғы жылдары ағамыздың денсаулығы да сыр бере бастаған соң Шайқорық станциясындағы Вагон дайындау пунктіне слесарь болып ауысады. «Жұмыс қиын емес, вагондардың сынып қалған құрылғыларын дәнекерлейміз, серіппелерін ауыстырамыз, тетіктерін жөндейміз. Өзіме ұнайды, өмірімді шойын жолсыз, вагондардың інісіңіз, пойыздардың дүрсіліңіз елестете алмаймын, аманшылық болса осы жерден зейнетке шығармын» деп ағынан жарылды кейіпкеріміз.

Мұстафа Машрапов әзіл-шыны аралас «кәсібім – теміржолшы, хоббиім – өлең жазу» деп бекер айтпайды. Өлеңдері поэзияның барлық талаптарына сай келіп тұр, ұйқастарын балталасаңыз да буза алмайсыз, буындары төрт аяғын тең басқан жорғадай. Өзі – екі кітаптың авторы. Ең алғаш 2006 жылы тырнақалды жыр жинағы жарық көргізіп. «Қиялдың қанатында өмір сүрдім» деген кітабы оқуға жеңіл, мазмұнды, лирикаға толы. «2013 жылы балаларға базарлық жасағым келіп, бір кітап жаздым, «Жұмбақтар жорамалы» деген. Ішінде 127 жұмбақ бар. Қазіргі таңда тағы бір кітап дайындап отырмын. Оның аты «Жүрек көзі» немесе «Жұмылмайды махаббаттың жанары» деп аталады. Мұны бытыр алпыс жасқа толған мерейтойымның алдында шығарамын ба деп ойлап едім, үлгермедім. Енді биыл баспаға беремін» дейді теміржолшы.

Кезінде теміржолда, облыста өткен талай өнер сайыстарына қатысып алған жүзделері де жетерлік. «ҚТЖ» ҰК» АҚ президенті Асқар Маминнен алған дипломы да бар. Бойында қазақтан бөлек, неміс, татар сынды бірнеше ұлттың қаны араласқан ағамыздың «неге сарысың?» дегендерге жауабым» деп оқып берген өлеңі естен шықпай жатталып қалыпты...

*Бұл неге сары десеңіз,
Немістің қызы – шешеміз.
Орысша жөн сұрасып,
Қазақшаласып кетеміз.*

*Бұл неге сары десеңіз,
Татарға жиең әкеміз.
Нағашы етіп татарды,
Басталған біздің қатеміз.*

*Болғанмен сары түр-өңім,
Тілім мен ділім, тілегім,
Намысым, тәлім-тәрбием,
Тап-таза қазақ жүрегім.*

Суретті түсірген автор

СЕРВИС

ВОКЗАЛДАР ҚАНДАЙ ТӘРТІПТЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Әлемді жайлаған коронавирус індетіне қатысты карантиннен кейін ел тіршілігі жандана бастады. Апта басында жолаушылар пойыздарының жүруімен вокзалдар жұмысы да қыза түскендей. Десек те, стратегиялық нысанда қауіпсіздік шаралары қатан сақталып, жұмыс режимінде өзгерістердің бар екені байқалады. Ол қандай өзгерістер? Жалпы вокзал шаруашылығының бүгінгі тыныс-тірлігі қандай?



– Қазір еліміздегі теміржол вокзалдары 2020 жылдың 1 маусымынан бастап күшіне еніп отырған. Көліктегі Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің биылғы 14 мамырдағы №9 «Қазақстан Республикасында тұрақты ішкі темір жол қатынастарын жаңғырту кезіндегі санитариялық-карантиндік бақылау туралы» регламенттелген қаулының талаптарына сәйкес карантиндік шаралар жағдайында жұмыс істеуге көшті. Яғни, карантин кезінде ауаның ылғалдылығы мен температураның оңтайлы жағдайын қамтамасыз ету үшін вентиляция және ауаны тазартып отыратын жүйелерге тексеру жүргізіліп, сүзгіштер ауыстырылып, дезинфекция, жуу, тазарту жұмыстары жасалды. Кейбір вокзалдарға желдеткіштер орнатылды. Ал кондиционер жоқ барлық нысандар жиі, яғни 3 реттен кем емес есік-терезелері ашылып, ауасы тазартылып тұрады. Сонымен қатар жолаушыларға вокзал ішінде әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін елденгекі шектеу белгі-таңбалары салынған, қабырғаларға тақырыптық флаерлер ілінген, тіпті қасса залдары мен күту залдарында орналасқан кресло-орындар арасында да қашықтықты сақтау туралы белгілер орнатылып және де дауысзорайтқыш арқылы адамдарға COVID-19 шектеулері туралы хабарландыру жасалып тұрады. Барлық вокзалда карантин бұрыштары ұйымдастырылған. Пайдаланылған медициналық маскалар мен қолғаптарды тастауға арналған қоқыс жәшіктері орнатылған, – деп мәлімет берді Магистральдық желі дирекциясы директорының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Абай Досанов.

Сонымен қатар, вокзалға келген жолаушылардың медициналық маскада болуы қатан талап етілетінін, олардың кіреберісте қол жүктері арнайы тексеру жабдығынан өтумен қатар жолаушылардың өздерінің де дене температурасы байланыссыз термометрия арқылы тексерілетінін, кіреберісте жолаушыларға қолдарын залалсыздандыру үшін дезинфекциялау құралдары бар санитариялық орнатылғанын жеткізді. «Бұдан бөлек, пойызға отыруға келген және пойыздан түскен жолаушылардың ағынын бөлу үшін жекелеген дәліздер жасалған, яғни, олардың жақын байланыста болмауы қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, билет сатып алуға қасса залдарына өту үшін арнайы дәліз жасалған. Яғни, билет сатып алушылар бірден вокзал ғимаратына кірмей, сыртта бір-бірінен тиісті қашықтықты сақтап кезекте тұрады да, іштегі кісінің шығуымен бір-бірілеп кіреді. Және бір ескер-

тетіні, вокзалға тек жолаушы ғана кіреді, шығарып салушыларға кіруге тыйым салынған», деді вокзал шаруашылығының өкілі.

Абай Досанов сонымен қатар, вокзал шаруашылығы бойынша биыл қандай жұмыстар жүргізіледі және ел өңірлеріндегі қай вокзалдар жөндеу жұмыстарына зару деген сауалдарға да жауап беріп өтті.

– Көкшетау және Семей вокзалдарына ағымдық жөндеу жүргізілді. Қазір тек абағандық жұмыстары қалды. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған пандустар қазіргі стандарт талаптарына сай ені 125 см дейін кеңейтілді. Бұрын ол 85-90 см болатын. Ал қазіргі электронды арбалар кендеу келгендіктен, олардың еркін жүріп тұруы үшін осындай талап қойылды. Бұл жұмыстарды алдағы 2022 жылға дейін еліміздегі барлық вокзалда орындап шығу межеленген. Сонымен қатар келесі жылы Тараз вокзалын жөндеуден өткізу жоспарда бар. Соған байланысты жобалық-сметалық құжаттарды дайындап жатырмыз. Сосын бізде мынандай бір түйткілді мәселе бар. Шу вокзалының ғимараты ұлттық компанияға қарайды да, ал перрон аумағы өкімдік қарамағында. Сол перрондағы саудаға байланысты халықтан жиі шағым түсіп жатады. Қазір осы мәселе облыстық әкімдікпен келіссөздер жүргізіп жатырмыз. Бүгінде Алматы-1, Алматы-2, Шымкент, Түркістан вокзалдары бір жарым жыл ішінде өкімдік қарамағына өткен. Ал Павлодар, Екібастұз, Ақсу вокзалдарының өкімдік еншісінде болғанына он жылдан асты. Сондықтан бұл ғимараттардың жай-күйіне өкімдік жауап береді. Біз тек бұл вокзалдарда технологиялық процестерді іске асырмай, яғни, билет сату, пойыздарға жолаушыларды шығарып салу, жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты жұмыстарды ұйымдастырамыз.

– Ал өткен жылы Қарағанды вокзалы қайта құрылымдаудан өткені белгілі. Оны «ҚТЖ» ҰК» АҚ Күрделі жобаларды жүзеге асыру дирекциясы жүргізді. 2000 шаршы метрді құрайтын жанама ғимарат, конкурстық өткел салынды. Эскалаторлар орнатылды, ана мен бала, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған емен ашылды. Инженерлік желілер жүргізіліп, лифт қойылды. Қазір бұл вокзал 8500 жолаушыны қабылдау мүмкіндігінде болып отыр. Сондай-ақ, Арыс вокзалы да «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қорының ұйытқы болуымен күрделі жөндеуден өтті.

Жазып алған Сұлүлүл БАКЕСОВА
Суретті түсірген Александр ЖАБЧИК

КӘСІБІ – НӘСІБІ

АЛМА САБАҒЫНАН АЛЫС ТҮСПЕЙДІ...

Биылғы көктемгі комиссиялық байқауды теміржолшылар өздері өткізді. Маңғыстау локомотив депосында үшінші класты машинист Қаныбек Сейдалиевтің жеңісімен қолы шебер локомотив бригадалары жігіттерінен жасақталған топ жазға қамдану жұмыстарын жүргізді.



Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Нәтижесінде Маңғыстау локомотив депосының тепловоздарды жаз маусымына дайындау жұмыстары тиянақты тындырылып, уақытылы аяқталды. Темір тұлпарлар сапарға сақадай сай сапқа қойылды. Локомотивтердің күз-қорашалары, капоты, жүріс бөлшектері ұқыпты тазартылып, сырланып, зауыттан шыққандай жарқырап шыға келді.

Қаныбек ағаны ұжымдастары ақкөңіл де адал мінез-құлқы, кішіпейілдігі үшін жақсы көреді. Өмірден көрген-түйгенін, тәжірибесін өзгелермен бөлісуен, үйретуден жалыққан емес. Білгенін білмегенге үйретіп, жас буын машинистерді тәрбиелеуден рахат табатын жан секілді.

– Шымкентте туып, мектепті 1985 жылы Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында бітірдім. Мектепте жүргенде «суретші бала» деген атағым бар еді, өнерімді дамыту үшін оқығым келді. Бірақ ата-анам қарсылық танытты. Жібермеді. Үйде бес ұл, бес қызбыз. Алдында ағаларым, ортанысымыз мен, артымада төрт

қарындасым бар. Бірақ үйдің шаруасына қолы ептісі де мен едім. Көпшілік болғасын анама қарайласып нан илеп, нан пісіру деген жұмыстарды да істей беретінмін. Былай айтқанда, «универсальный» болдым, – деп күледі Қаныбек аға. – Сондықтан оқуға барам десем, сен кетсең қиналамыз деп, анам ешқайда жібермеді. Аяқасты анам қайтыс болды. Артыма төрт қарындасым, екі інім бар. Алдындағы ағаларым есейіп кеткен. Әкем жалғыз. Үйдің бар жұмысы маған артылды да оқуды жиып қойып, әкем мен ағаларым жұмыс істейтін теміржолға кіріп кеттім. Одан әскерге кететін уақыт жетіп, борышымды өтеп келдім. Әскерден оралғасын теміржолдағы жұмысыма қайта жалғастырып, 1995 жылға дейін Бейнеудегі айналым депосында еңбек еттім, – дейді кейіпкеріміз.

Еңбек жолын 1985 жылы Бейнеу локомотив депосында ТҚК-2 цехында тепловоз жөндеушісі болып бастаған елгезек жас жігіт тепловоз жөндеудің қыр-сырын сол жердегі алдыңғы буын ағаларынан лезде-ақ үйреніп, ақыл-кеңестерін миына құйып алып, ағырлығанын танытады. 1988 жылы Атырау

(Гурьев) қаласындағы теміржол техникалық мектебінің көмекші машинистер дайындайтын курсына бітіріп, 1989 жылдан бастап еңбек жолын көмекші машинист болып жалғастырды. Тепловоздың құрылысы мен қызметі, бүкіл қыр-сырымен танысып тәжірибе жинады. 1997 жылы Маңғыстау локомотив депосына көмекші машинист болып ауысты. Ақтөбедегі тепловоз машинистерін дайындау курсына оқып, 2007 жылдан бастап тепловоз тізгінін қолына алып, машинист болды. Содан бері қарай Маңғыстау-Сай-Өтес, Маңғыстау-Өзен станцияларының аралығында жүк пойыздарын жүргізіп келеді. Бүгінде тепловозды басқарудың хас шеберіне айналған, осы мамандықтың ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген машинистерден. Жүктелген міндетін ұқыпты атқарып, пойыздардың жүруі қауіпсіздігін сақтай отырып, өзіне бекітілген тепловоздың техникалық жағдайын жақсы ұстап, өндірістік тапсырманы дұрыс орындап жүргені үшін басшылықтан алғаны тек алғыс, 2010 жылы үшінші класты машинист дәрежесін алды.

– Қазіргі тепловоздарды басқару бұрынғыдай қайда... әлдеқалай жеңілдеген. Бағғы біз бастаған тегрей деген тепловозбен салыстыруға да келмейді. Жылдар өткен сайын техника жаңарып, жұмысымыз оңтайлана түседі. Шүкір, қазір жұмысымыз да, табысымыз да жақсы. 57 жастан салалық жеңілдікпен зейнетке шығамыз, Менің оған үш жылым қалды, – деген Қаныбек аға әулеттегі үшінші машинист екен. Үлкен ағасы Қайырқожа зейнетке шыққан. Ол да үшінші класты машинист болыпты. Екінші ағасы – екінші класты машинист Қазбек Бейнеу депосында әлі күнге тепловоз жүргізеді. Ал әкелері кезінде Бейнеуде, Көкбекті, №2 бекетте станция кезекшісі болған теміржолшы. Десе де, «алма сабағынан алыс түспейміз» рас...

Суретті түсірген автор

Сегодня о Великом Турксибе мы знаем по кинофильмам, книгам, воспоминаниям ветеранов. Одним из знаковых произведений о грандиозном строительстве первой пятилетки советской страны является знаменитая картина «Турксиб» народного художника Республики Казахстан Абылхана Кастеева. О знаменитой стройке в судьбе Кастеева рассказал ведущий научный сотрудник Государственного музея искусств РК имени Абылхана Кастеева, кандидат искусствоведения Амир Джадайбаев.

ЗНАМЕНИТАЯ СТРОЙКА КАСТЕЕВА

– Какую роль в судьбе Абылхана Кастеева занимает Турксиб?

– Турксиб для Кастеева стал знаковым событием. Можно сказать, что он разделил его жизнь на две половины – до и после.

Когда Абылхан услышал о стройке, он с группой своих ровесников отправился из аула на объекты первой пятилетки. Казахскую молодежь тогда принимали только чернорабочими, потому что квалификации у них не было. Стройки первых пятилеток, к которым относился и Турксиб, помимо своей основной задачи – создания материальной базы и повышения обороноспособности советского государства – выполняли также и социальную задачу так называемой «перековки» прежде «несознательного элемента» и создания на их базе национального пролетариата, которого в Казахстане в те годы не существовало.

Таким образом, для Кастеева Турксиб стал не только трудовой школой, где он приобрел конкретную специальность, но и его классового роста. Он стал одним из представителей пролетариата. Прошел помимо этого школу советского коллективизма, который пришел на смену прежнего, дореволюционного – человека индивидуума. В советской стране доминировало понятие коллективного сознания. Это касалось и искусства, и всех других сфер деятельности.

И все же для Кастеева Турксиб стал знаковым событием в плане того, что впервые здесь на него обратили внимание как на начинающего художника. Он самостоятельно пытался освоить изобразительную грамоту. В перерывах между работой что-то изображал. Заметив его увлечение, руководители стали обсуждать, как помочь развить талант и, может быть, учесть дальше.

– Известно ли, на каких участках трудился Кастеев?

– Есть данные, что первоначально он прибыл на станцию Айна-Булак. Далее сведений нет, документы практически не сохранились.

Но однажды в его судьбе произошло важное событие. Кастеев сам рассказывал об этом журналистам.

В те годы была политическая установка – из состава национальных кадров формировать рабочий класс, интеллигенцию. Этому уделялось огромное внимание. Способности людей замечались, брались на заметку, пытались помочь им продвигаться, направляли на учебу на рабфакти в Москву, Ленинград и другие города. Кастеев попал именно в эту струю.

Сохранилась легенда о том, что к концу строительства Кастеев, забравшись на скалу, изобразил профиль Ленина. Предполагается, что это красивая легенда, может, было, может, не было. Характерно для того времени, что такие люди обрастали социалистической мифологией. Главная цель в том, что советская власть способствовала, чтобы обычный аульный паренек, пастух из бедной семьи стал одним из лидеров национальной социалистической культуры. Такая сказочная история. Своего рода коммунистическая мифология. Она присутствовала во всех республиках. Тем не менее, сам факт показателен. Он говорит о том, что Кастеев впервые заявил о себе как о художнике портретом вождя мирового пролетариата. Получил признание своего трудового коллектива.

– Партия его заметила?

– Да, именно на одном из партсобраний его рекомендовали на учебу в Алма-Ату, которая тогда уже стала столицей республики. Было только одно препятствие – Кастееву надо было доказать свое происхождение. Он отправил запрос в аул, чтобы подтвердить свое не байское проис-



хождение. Долго ждал справку о том, что он происходит из семьи пастухов, которая до сих пор хранится в семье.

– Творчество его тоже во многом связано с Великой стройкой?

– Конечно, в своем творчестве он часто обращался к теме Турксиба. Первая из того, что мы знаем – графическая работа 1932 года «Турксиб». Довольно известная, небольшого размера, была создана с Николаем Крутильниковым, в то время известным в Казахстане художником, теоретиком, написавшим много статей, работавшим над плакатами, с живописью. Такая была практика в 30-е годы, к каждому национальному молодому художнику приставлялся куратор, как правило, из русских квалифицированных мастеров. Совместно с ним Кастеев сделал эту работу. На ней казах на верблюде едет вдоль железнодорожного полотна, по которому в сторону зрителя движется паровоз.

Рисунок станковый, простой по композиции, доходчивый, в нем противопоставлялись два мира – прошлое и настоящее. Кастеев начинает осознать миссию советского искусства – подчеркивать преимущества нового социалистического строя и критически относиться ко всему прошлому. Фигура казаха на верблюде в левом углу символизирует дореволюционный Казахстан. А справа – «железный конь», «огненный арба». При этом казахи сначала со страхом воспринимали поезд, а потом постепенно пришли к пониманию, что пришло новое время. Люди поняли его преимущество, мощь и силу.

– Интересно, что на его полотнах встречается много различной техники. Таково было его увлечение?

– Турксиб развил в Кастееве особый пиетет техники. Индустриализация была важнейшим фактором конца XIX-начала XX века. И впоследствии Кастеев будет scrupulously изображать различные технические средства – трактора, поезда, самолеты, машины. Такова была тенденция времени.

На выставках приходили рабочие, крестьяне, простые люди, которые хорошо разбирались в различных механизмах, потому что работали на этих машинах. Они очень быстро замечали в картинах художников погрешности. Об этом сохранились записи, статьи в газетах, где утверждалось, что некий художник неправильно нарисовал комбайн или косилку.

В первом рисунке Кастеева поезд изображен несколько стилизованно, упрощенно. Тогда это было допустимо, еще достаточно лояльно относились к этому. Позже, в середине 30-х годов стали относиться более строго. Этот первый профессиональный рисунок, тем не менее, в нем проявился характер кастеевского искусства.

Все его творчество можно разделить как серию: старый и новый быт. Причем не только период 30-х годов, но и все творчество Кастеева подхо-

дит под это определение, потому что была такая идеологическая установка. И в целом искусство воспринималось как мощное идеологическое оружие.

– Конечно же, грандиозное строительство железной дороги подходило для решения такой задачи как нельзя лучше!

– Кастеев, изображая Турксиб, овладевал методом соцреализма, чтобы показать все преимуществы советского строя в деле преобразования его родной страны, степи: как менялся ландшафт, появлялись заводы и фабрики. В течение 30 лет Кастеев обращался к теме великой стройки. Основные работы – это помимо рисунка 1932 года, наиболее значимая его картина 1969 года – большое живописное произведение «Турксиб». Оно было написано в преддверии 100-летия Ленина, широко отмечавшегося в стране. Художникам были даны большие заказы, Кастеев тогда написал две большие картины – «Турксиб» и портрет Амангелды Иманова.

– Сегодня его «Турксиб» известен многим!

– Именно «Турксиб» является знаковым для художника, в советское время соединял его ранний период со зрелым поздним периодом, показывая ценность его искусства. Если сравнить две эти работы, можно ярко увидеть прогресс, эволюцию его творчества.

Эти две работы, во-первых, отличаются размером. Маленький, даже миниатюрный рисунок и монументальное живописное полотно большого формата, демонстрируют кардинальные изменения. Во-вторых, развилось техническое художественное мастерство, Кастеев стал в полном смысле профессиональным художником, хотя не имел формального академического образования. Его мастерство активно росло со временем. В-третьих, сам подход к теме стал более сложным, диалектическим. Сюжет, конечно, достаточно простой. Группа людей встречает подходящий поезд. Тем не менее, живописец идет не то что против истины, а показывает в идеалистическом ключе, что народ приближается к поезду. Если разобьется, идет против правды, реальности. Но в советское время именно так и надо было изображать. Если разбираться в советских картинах, они не настолько правдивы, как провозглашалось соцреализмом.

– У него на картинах очень тщательно выписаны лица. Есть прототипы? Или все они – плод воображения?

– Прототипы существовали всегда. Кастеев относится к таким художникам, которые всегда основываются на натуре, каждый персонаж у него портретен. Другое дело, как это портретное сходство достигалось, до какой степени. Но Кастеев был очень

дотошным. Обратите внимание, что люди на этом полотне изображены со спины. У него был такой метод, он давал эффект присутствия зрителя в толпе: мы видим перед собой спины впереди стоящих.

– Как будто сам находишься там на месте...

– Поэтому зрителю, приходя на выставку, стоя перед его картинами, ощущали себя участниками действия. Сейчас разрабатываются 3D, 5D-модели. В то время тоже была эта новация. Возник эффект личного участия, присутствия. Для того времени люди с их зрительным опытом так и считывали. Этот момент не все понимают. Поэтому его мастерство визуальной пространственности передачи для этого и работало. Ты смотришь на картину, и как бы в реальности глаз проваливается. И зритель стоит не перед картиной, а перед событием. А поезд буквально идет на тебя. Слышишь его звук, движение, крики людей. Все это ощущаешь. Сегодня мы, избалованные телевидением, воспринимаем несколько по-другому. А в то время эффект был очень сильный!

– Существует конкретное место, которое изображено на полотне?

– Такого исследования не проводилось, но могу предположить, что это конкретное место. Всегда пейзаж, любой предмет, момент, персонаж у Кастеева имеет прототип. Это можно точно сказать. В советском искусстве не было свободы творчества. Очень жестко следила цензура, картину проверяли на выставочных художествах. Художники были как под ярмом. Может, они внутренне страдали от этого, но должны были этому следовать.

– И детали паровоза выписывались не только для зрителей, но и для цензуры?

– Хотя тех требований в чем-то нашим художникам и не хватало. Реальность теряется в произведениях.

Еще интересный момент. В первом рисунке 1932 года человек на верблюде и поезд ассоциируются с традиционной мифологией народной встречи батыра с каким-то драконом, чудовищем. Они должны сразиться. Но у Кастеева не такой подход. В капиталистическом обществе машина служит для эксплуатации человека, она мертвая, холодная, подавляет личность человека. В советском социалистическом обществе машина – одушевленное существо, которое призвано помогать пролетариату. В данном случае внешне ассоциируется с этим мифом – богатырь и дракон. Но здесь дракон приручается, и нет резкого антагонизма.

– Как все это интересно. Кстати, есть другие работы кисти художника об этом периоде?

– Существует еще несколько рисунков, на которых Кастеев изображает строительство Турксиба. Зарисовки более позднего времени. Они хранятся в семье Кастеева, на них он себя изображает, других людей периода строительства железной дороги.

– Интересно, кого еще вдохновила эта стройка?

– Всесоюзную стройку изобразил не только Абылхан Кастеев.

К примеру, Молдахмет Кенбаев на картине «Карайгыр» (черный жеребец) изобразил символически романтический поезд. В фондах музея хранится много работ, посвященных Турксибу. Сюда командировались и советские деятели искусства Александр Дейнека, писатели Ильф и Петров, многие другие.

Абылхану Кастееву повезло, что он попал на эту великую стройку, он сам всегда это признавал. Она сыграла в его судьбе знаменательную роль.

Ирина БЕКТИЯРОВА, Алматы

ЦЕННЫЕ ЭКСПОНАТЫ

Во всех филиалах АО «НК «ҚТЖ» в этом году проходит череда мероприятий, посвященных легендарной стройке Турксиб, в том числе и в музеях Жамбылского отделения ГП.

Ценные исторические материалы и уникальные экспонаты о строительстве Туркестано-Сибирской магистрали, которая обеспечила Среднюю Азию дешевым хлебом, собирались по крупицам. Движение по магистрали стартовало 90 лет назад. Сегодня окунуться в историю легендарной стройки можно в относительно молодом музее Жамбылского отделения ГП и музее с почти вековой историей Жамбылского эксплуатационного локомотивного депо. Каждый из них уникален и интересен по-своему.

Музей в отделении был открыт по инициативе ветеранов отрасли и профсоюза. Особое место в нем занимают исторические материалы, посвященные строительству Турксиба. На черно-белых фотографиях запечатлены исторические моменты укладки рельсов. Строительство велось одновременно с двух сторон: от города Семипалатинска и от станции Луговая. К масштабному проекту были привлечены около 50 тысяч человек. На стройку ехали квалифицированные специалисты из Москвы, Ленинграда, Харькова и других промышленных центров СССР.

Турксиб назвали дорогой новой жизни. Магистраль оказала огромное влияние на жизнь региона, вдохнула новую жизнь в уездный город Алматы, открыла новые города и рабочие поселки Жана-Семей, Чарск, Жангызтобе, Актогай, Лепсы, Матай, Сарыозек, Шу, Аягуз, Отар и многие другие. Турксиб стал кузницей национальных кадров. За годы его строительства и развития бывшие кочевники овладели железнодорожной профессией и стали достойными основателями семейных железнодорожных династий. В музее можно увидеть удостоверение слесаря того периода, рабочий стол первого начальника дороги, за которым принимались важные исторические решения, старинные телефоны, выпущенные с конвейера Ленинградского завода «Красная заря», патефон, кирку, молоток путейцев, куски рельсов образцов 1887-1888, 1907, 1916 годов. В музее представлен медный станционный колокол, вылитый харьковскими мастерами.

ВО ИМЯ ПОБЕДЫ

В разделе, посвященном периоду Великой Отечественной войны, собраны военная форма, компас, каска, котелок, противогаз. Здесь хранится земля из городов-героев Сталинграда, Ленинграда, Минска, Одессы, Керчи, Москвы и разезда Дубосекова, где положили головы казахстанцы, в том числе и железнодорожники. Рядом с административным зданием отделения стоят два вековых дуба, немые свидетели становления и развития железной дороги. При строительстве музея основная, капитальная стена должна была пройти через один из них. Чтобы сохранить «ветерана», было принято решение строить стену по ломанной линии в обход дуба.

В музее эксплуатационного локомотивного депо хранятся экспонаты, датируемые 20-ми годами прошлого столетия, а также информация о людях, ставших для современного поколения железнодорожников легендами.

Почетный экспонат музея депо – труженик отрасли, паровоз 1926 года выпуска. Он гордо стоит на пьедестале на территории депо. Уникальную технику заказали в Европе, за нее правительство Советского Союза заплатило золотом. В мирное время паровоз исправно приносил пользу региону, в годы первой мировой войны доставлял ценный груз на фронт.

Надо отметить, что музейная экспозиция, посвященная периоду Великой Отечественной войны, одна из обширнейших. Более 200 жамбылских железнодорожников воевали на передовой, водили поезда. В музее хранится справка о том, что жамбылский машинист Николай Алферин совершил подвиг – на немецком паровозе провел под обстрелами состав с боеприпасами и боевой техникой на железнодорожную станцию Лихтенберг.

Под стеклами стеллажей представлены боевые и трудовые награды железнодорожников, пожелтение от времени фронтовых письма-треугольнички, которые с нетерпением ждала каждая казахстанская семья. Рядом представлены оружие и амуниция солдат.

В музее можно встретить металлические сундуки с ручкой (шарманки), с которыми отправлялись в поездку машинисты и их помощники. В них хранились обед или ужин, необходимые для поездки вещи. Сундучки делали из жести, чтобы случайно не повредить дорожный скраб. Благодаря шарманке машиниста узнавали на улице издалека.

Под стеклом хранятся карманные служебные часы машинистов, раньше по ним определяли время прибытия на станцию. Часы были нумерованные и служили для работы. Железная дорога во все времена строго соблюдала график движения.

ГОРДИМСЯ И ПОМНИМ

Среди экспонатов – почетнейшие фото первых машинистов локомотивов: авторитетного машиниста-инструктора Турксиба Сыздыка Опинова, машиниста Дмитрия Кулагина, который решил стать железнодорожником еще в детстве, предотвратив крушение поезда на станции Тюлькубас. Сначала его приняли в депо рабочим, а по достижении совершеннолетия – в локомотивную бригаду.

Среди машинистов локомотивного депо – бывший чапаевец Михаил Юдаков, водитель прославленного красного командира Александра Пархоменко Иван Неклюдов, первая женщина-казахка, машинист Забира Джусупова, она стала кавалером орденов Ленина и Октябрьской революции. Железнодорожный китель другой женщины, вдовы поезда, Таисии Воробьевой, передан в музей родственниками.

Музеи постоянно пополняются новыми экспонатами, демонстрирующими современную историю развития железной дороги региона и Казахстана.

Аула ТЛЕУБАЙ

НАВСТРЕЧУ ЮБИЛЕЮ

В Алматинском отделении грузовых перевозок полным ходом идет подготовка к празднованию двух грандиозных событий – 90-летия Турксиба и 30-летия станции Достык. Для региона и для железнодорожников это знаковые события, поскольку смычка Туркестано-Сибирской магистрали проходила на станции Айна-Булак, а станция Достык является визитной карточкой региона, связующим звеном с Поднебесной.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы

Разработаны мероприятия, определены даты проведения торжеств, готовятся списки участников и приглашенных гостей, коллектив Алматинского отделения ГП успешно претворяет в реальность намечен-

ные планы. Надо сказать, два этих масштабных события накладывают определенную нагрузку на организаторов мероприятий. Планируется в честь строителей Турксиба поставить мемориальный обелиск – дань и признательность всем тем, кто строил железную дорогу, вдохнул новую

жизнь, открывая поселки и станции. Вспоминается хроника прошлых лет, строительство легендарного Турксиба, когда путепроходчики взрывали горы, одолевали реки, покоряя Чокпарский перевал, и с допотопной для того времени техникой шли вперед, прокладывая дорогу будущему.



На привокальной площади планируется установить паровоз, как символ всех железнодорожников. 30-летний юбилей станции Достык – огромное событие. Стоит особо отметить, что с момента обретения Республики Казахстан государственной независимости в

1991 году, развитие железнодорожного сообщения между Казахстаном и Китаем не знало периодов спада, шло исключительно по восходящей. 12 сентября 1991 года стальные магистрали Казахстана и Китая были соединены «золотым звеном». С тех пор по ним, как по широким

артериям, начал активно осуществляться товаро- и пассажирооборот.

Однако, без преувеличения, апогей развития железнодорожных перевозок между странами приходится на последние 30 лет. За это время по обеим сторонам государственной границы выросли современные станции со всей прилегающей инфраструктурой – Достык и Алашанькоу.

В рамках праздничных торжеств будет проведен фотоконкурс «Достык в лицах», посвященный юбилею стыковки. Уже сейчас проводятся работы по оформлению дизайна наградного знака в честь 30-летнего юбилея.

В торжественных мероприятиях примут участие все те, кто стоял у истоков становления станции, развития международного перехода Достык – Алашанькоу, кто трудился на этом участке в разные годы. Китайские коллеги будут почетными гостями на данном торжестве.

Фото из архива

ДИНАСТИЯ

ӘУЛЕТ АБЫРОЙЫ – ЕҢБЕКТЕ

Қарағандының Ағадыр станциясында тұратын Шәкеновтер әулетінің қазақ теміржолына сіңірген еңбегі 300 жылды құрайды. Ата кәсібін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырған әулетте түрлі кезеңде еңбек еткен және жалғастырып жатқан 17 теміржолшы бар. Уақыт өте бұл көрсеткіш өсуі де ғажап емес. Себебі нәсібін болат жолдан табу – бұл әулетте үрдіске айналған.

Райхан РАХМЕТОВА

Болат жолға бар өмірін арнаған отбасының теміржолдағы еңбек жолы әулет басы марқұм Ібекен Шәкеновтен бастау алады. Ұлы Отан соғысы кезінде тылда еңбек еткен ол кейін 30 жыл Ағадыр жол станциясында жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан. Бұл соғыста жеңіс оңайлықпен келмегені белгілі. Қаруы мықты қас дұшпанды жеңу үшін майдандағы ұрыс даласына тылдан керек-жарақтар дер кезінде жеткізіліп тұрды. Осы тұста темір жол көлігі тыл мен майдан арасындағы сенімді байланысты қамтамасыз етіп, экономиканы көтерген жалғыз сала болды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап барлық темір жолдар мен көлік кәсіпорындарында социалистік жарыстар кеңінен жолға қойылды. Теміржолшылар осы тұста бейбіт күнде қабылданған социалистік міндеттерді қайта қарастырып, жаңа шешімдер орнатуға мәжбүр болды. Сол жұмыстардан Ібекен қария да тыс қалмады.

Одан кейінгі буыннан Ордаш Ібекенұлы Шәкенов теміржолда 45 жыл еңбек етті. Ағадыр станциясының белгі беру және байланыс дистанциясында механик қызметінен бастаған ол өз ісінің маманы болды. Ібекен ақсақалдың екінші ұлы Борантай Шәкенов те 45 жылын темір жол саласына арнап, Ағадырда ШЧ-да СЦБ монтері, диспетчер қызметтерін атқарды. Оның інісі Бейбіт 30 жыл бойы Ағадыр жол дистанциясында жолшы болды. Жанболат Шәкенов болса 48 жылдық еңбек өтілінде жол дистанциясында жолшыдан бастап бас инженер және директор қызметтеріне дейін көтерілген. Ал Ібекен қарттың 4 қызының бірі Гулнар 25 жылдан бері Құлайғыр станциясында ОПД операторы қызметін атқарып келеді.

– Біз бір отбасында 9 ағайындымыз. 5 ұл, 4 қыз. Соның бесеуі теміржолшы мамандығын таңдады. Мен отбасында бесіншімін. Мектеп бітіріп, Ағадыр жол дистанциясына жолшы болып кірдім. Осы дистанцияда қарапайым жұмысыңдан мекеме директорына дейін көтерілдім. 2011 жылы зейнеткерлікке шығып, тағы 3 жыл еңбек еттім. Қазір Қарағандыда тұрамын. Үш балам бар, соның екеуі теміржолшы. Осындай үлкен әулеттің ізін жалғап, ұрпақтарға жалғасқанын, болат жолдағы Шәкеновтер династиясын қалыптастыруға атсалысқанымды мақтан етемін. Бұл із біздің кейінгі ұрпақтарымызға да жалғасып, тамырын терең жаярына сенемін. Теміржолшылық қанында бар балалар оны іліп әкелері айдан анық, – дейді Жанболат Шәкенов.

Міне, осылайша темір жол саласынан береке тапқан әулеттің бүгінде үшінші буын өкілдері ішінде 12 теміржолшы ата жолын жалғастыруда. Болат жолдағы Шәкеновтердің немере буынының көшін Азамат Ордашұлы бастайды. Механик болып еңбек жолын бастаған ол 20 жылдан бері Ағадыр станциясында диспетчер. Асқар Бейбітұлы да жасанды құрылыстар салалығында 20 жыл тер төгуде. Ордаш Шәкеновтің екінші ұлы Орынбасар 15 жылдан бері ШЧ механигі. Оның інісі Айдос та 13 жыл бойына ШЧ механигі, телім бастығы қызметтерін атқарған. Немере қыздан Торғын Жанболатқызы Жаңа Қарағанды станциясының бірінші санаттағы инженер-технолог, оған дейін станция кезекшісі болып 10 жыл еңбек еткен. Бейбіт Шәкеновтің ұлы Жеңіс 2013 жылдан бері туған станциясындағы электрмен жабдықтау станциясын-

да электр механик қызметінде. Перизат Жанболатқызы жеті жылдан бері «Қала маңы тасымалы» АҚ Ақмола телімі бойынша инженер, ал қазіргі таңда «Жолаушылар тасымалы» АҚ қалалық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі басқарманың кадр бөлімінің бас маманы қызметін атқаруда. Жиен немерелердің бірі Гүлзат 2008 жылдан Қырықшы станциясындағы жол дистанциясы – ПЧ-25 мекемесінде инженер қызметінен бастап, Ағадырда экономист қызметін жалғастырыпты. 5 жылдан бері Магистральдық желі дирекциясының қаржы және инвестициялық жоспарлау департаментінде жұмыс істеп келеді. Сонымен қатар Шакинова Айгүл Бейбітқызы мен Шакинова Гүлшат Ордашқызы да 10 жылдан астам теміржолда еңбек етеді. Ең кіші буыннан Алтынбек Азаматұлы Ағадыр локомотив депосында машинист көмекшісі болып 2 жылдан бері жұмыс істесе, Мәдина Асқарқызы Қарағанды локомотив теміржолының локомотив салалығында 3 жылдан бері жұмыс істейді.

Өз кәсібінің үздіктері ретінде танылған бұл әулеттің мүшелері әр жылдары «Еңбек ардагері», «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін», «Адал еңбегі үшін» төсбелгілерімен, Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарға ие болған. 2015 жылы атақты теміржолшылар отбасы сол кезде «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Президенті болған Асқар Маминнің Алғыс хатымен марапатталды.

